



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 15 қыркүйек



Ұлттық Банк ақпараттық ашықтық шеңберінде БАҚ-пен коммуникациялық байланыстарды нығайту жұмысын жалғастырады – Д. Ақышев

Бүгін ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев баспасөз және телевизиялық БАҚ редакторларымен кездесті. Кездесу ҚР Ұлттық Банкінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығында өтті.

Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев кездесуге қатысушыларға елдің қаржы нарығындағы жағдай туралы, оның ішінде инфляциялық процестерге және валюталық бағамға әсер ететін факторлар туралы хабарлады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы туралы айтып берді. Ұлттық Банк басшысы журналистердің сұрақтарына жауап берді.

«Ұлттық Банк тұрақты негізде нарыққа қатысушыларға және халыққа Ұлттық Банктің қызметі және ол қабылдап жатқан шаралар туралы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды. БАҚ-пен барынша тиімді жұмыс істеу үшін, сондай-ақ ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың шеңберінде Ұлттық Банк коммуникациялық байланыстарды нығайту бойынша жүйелік жұмысты жүргізеді», - деді Д. Ақышев.

Данияр Ақышев сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды жақсарту тәсілі ретінде осындай кездесулерді өткізудің маңыздылығын атап өтті. Атап айтқанда, ол: «Біз өзара іс-қимыл және барынша тығыз байланыстарды реттеу, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен кері байланыс орнатудың маңызды құралы ретінде осындай кездесулердің практикасын жалғастыруды жоспарлап отырмыз», - деп жалғастырды.

«Біздің қызметіміз ашық және біз сіздердің сұратуларыңыз бен ұсыныстарыңызға жедел әрі сапалы түрде ден қоюға дайынбыз», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Ұлттық Банк Төрағасы Д. Ақышев кездесу аяқталған соң журналистерді Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығының жұмысымен таныстырды.

(Анықтама ретінде: Орталық заңды тұлғаларға және екінші деңгейдегі банктерге ұлттық және шетел валютасының қолма-қол ақшасын және басқа құндылықтарды қабылдау, есепке алу, қайта санау, сараптама жасау, сұрыптау, орау, сақтау және беру, тазартылған алтынды және бағалы металдарды қабылдау, есепке алу, сақтау мен беру жөніндегі қызметтерді көрсетеді, сондай-ақ тазартылған алтынға, бағалы металдарға, қорытпаларға және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларына сынақ жүргізеді.)



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz